

**Аналитикалық анықтама
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу нәтижелері бойынша**

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Алатау» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ (бұдан әрі – Орталық) – 18 жастан асқан психоневрологиялық аурулары бар мүгедектерге арналған стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекеме болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2025 жылғы 9 маусымнан 9 шілдеге дейінгі кезеңде Орталық директорының 2025 жылғы 26 мамырдағы № 48-Ө «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Анализ келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Талдау нысанының қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. Кадрлық басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды анықтау;
3. Мүдделер қақтығысын реттеу;
4. Мемлекеттік қызметтер көрсету;
5. Бюджеттік және қаржы қаражаттарын игеру мен бөлу;
6. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
7. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
8. Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
9. Талдау нысанының ұйымдастырушылық-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі негіздерге сәйкес жүргізілді:

- 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабына;
- ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарға;
- «Алатау» ӘҚКО-ның 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспарына.

«Алатау» әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР Әлеуметтік кодексіне, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, оның ішінде ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2023 жылғы 13 қазандағы № 153 бұйрығымен бекітілген стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартына, сондай-ақ Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 22 маусымдағы № 2/292 қаулысымен бекітілген Орталықтың Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

Орталық қажетті үй-жайлармен және жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ағымдағы жылы аумақты абаттандыру, қоршауды және желдету жүйесін ағымдағы жөндеу жоспарланған.

Орталықтың мақсаты – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес қызметтер ұсыну.

Мақсатқа жету үшін Орталық келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Қызмет алушыларды ауруының түрі, жағдайының ауырлығы, жасы ескеріле отырып қабылдау және орналастыру, жаңа жағдайға бейімделу шараларын жүргізу;

- Қызмет алушылардың жеке басының тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- Мекемеде қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру;

- Қызмет алушыларға кешенді медициналық және әлеуметтік оңалту көмегін көрсету;

- Қызмет алушылар үшін жайлы тұрмыстық жағдайлар жасау, келушілерді қабылдауға жағдай жасау;

- Қамқоршылықты қажет ететін тұлғаларға қатысты мемлекеттік мекеме әкімшілігіне жүктелген міндеттерді орындау;

- Әлеуметтік қызмет көрсету сапасы мен тиімділігін арттыру, озық тәжірибелер мен әдістерді енгізу және т.б.

Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге ішкі талдау жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол беретін тұжырымдар анықталды.

Қабылданған шаралар: Қызмет алушылар үшін ішкі тәртіп қағидалары, зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларды пайдалану жөніндегі комиссия жұмысының регламенті, дербес деректерді жинауға және өндеуге келісімдер, қызметтік және өзге де ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелер, жалақы төлеу, сыйақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыға үстемеақы белгілеу қағидалары әзірленіп бекітілді.

Орталықтың жарғысына сәйкес мекеменің қызметі – қызмет алушылар үшін тәулік бойы тұрақты немесе уақытша тұру жағдайын жасау және олардың жасына, денсаулығына сай барынша үй жағдайына жақын өмір сүру ортасын қамтамасыз ету, стационар жағдайында сапалы арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету болып табылады.

Анализ кезінде ҚР ДСӘДМ-нің 2015 жылғы 26 наурыздағы №165 бұйрығына – өз күшін жойған нормативтік-құқықтық актіге сілтеме бар екені анықталды.

Ұсыныс: Орталықтың Жарғысын қайта қарап, күшін жойған нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелерді алып тастап, қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру ұсынылады.

Кадрлық басқару, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды анықтау:

Орталықтың штаттық бірлігі – 205.

Құрылымы:

- Басшылық – 4 бірлік (директор – 1, әлеуметтік жұмыс жөніндегі орынбасар – 1, АХЖ бойынша орынбасар – 1 (бос орын), бас бухгалтер – 1);
- Негізгі қызметкерлер: денсаулық сақтау – 33, білім – 8, басқа салалар – 8,5;
- Әкімшілік персонал – 15;
- Көмекші персонал – 2 бірлік (категория D) және 134,5 бірлік (жұмысшылар).

Басшылық қызметтер үлесі – 1,95%.

Артық басшылық немесе көмекші лауазымдар жоқ.

Штаттық лимит қызметті тиімді жүзеге асыруға жеткілікті.

Есепті кезеңде заңсыз жұмыстан босату, тәртіптік жауапкершілікке тарту фактілері болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық немесе қылмыстық құқықбұзушылық жасаған тұлғалар жұмысқа қабылданбаған.

Қызметкерлерге қатысты азаматтардан шағым түспеген. Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында құқықтық оқыту өткізіледі.

Ұсыныс:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру жұмыстарын жалғастыру.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Мемлекеттік сатып алулар рәсімі ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы талаптарына толықтай сай жүргізілгені талданды. Анализ кезеңінде аффилирленген тұлғалармен байланыс немесе бағаны негізсіз көтеру фактілері анықталған жоқ. 2025 жылғы 5 қаңтардан 30 маусымға дейін қызметтер, жұмыстар мен тауарларды сатып алу бойынша жоспарға сәйкес мемлекеттік сатып алулар өткізілді. Оның қорытындысы бойынша шарттар жасалды:

1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 36 шарт;
 2. Сатып алу өтпеді деп танылған жағдайларда бір көзден – 15 шарт.
- Екі мемлекеттік қызмет бойынша сатып алу өтпеген деп танылды. Бюджеттік және қаржылық қаражаттарды игеру 100% көлемінде жоспарға сай жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тіркелмеді.

Бюджеттік және қаржы қаражаттарын игеру және бөлу

Орталық жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады. 2025 жылға арналған жалпы қаржыландыру көлемі – 1 275 456,0 мың теңге. Оның ішінде:

- Еңбекақы және салықтар – 358 442,4 мың теңге;
- Азық-түлік, дәрі-дәрмек, шаруашылық және санитарлық заттар – 133 499,8 мың теңге;
- Ағымдағы жөндеу, коммуналдық және басқа да қызметтер – 23 114,5 мың теңге.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

2025 жылдың басынан бастап орталық мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес барлығы 51 шарт жасасты. Анализ кезеңінде уәкілетті органдар тарапынан лауазымды тұлғаларға тәртіптік немесе әкімшілік шара қолдану фактілері тіркелмеген. Шарттық жұмыс ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы мен Бюджет кодексі аясында жүргізіледі.

2025 жылғы мамыр айында «Бесінші өңір ТДК» ЖШС Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Алатау» ӘҚКО-на 924 713,39 теңге көлеміндегі қарызды және 27 741,40 теңге мемлекеттік баж сомасын өндіріп алу жөнінде талап арызбен жүгінді.

Аталған сома ритуалдық қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік сатып алу шарты бойынша орындалған жұмыстар актісінің қол қойылмауына байланысты төленбеген.

Орталық талап арыздағы уәжбен келіспей, қарсы жауап жолдады. Азаматтық іс Алматы қаласы Медеу аудандық сотының қарауында, прокурордың қатысуымен қаралуда.

Ақпараттық жүйелер: әзірлеу және пайдалану

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Алатау» ӘҚКО келесі ақпараттық жүйелерді пайдаланады:

- «SOCIUM» әлеуметтік қызметтер порталы – әлеуметтік қызметтерді есепке алу және ұсыну;
- «Enbek.kz» АЖ – кадрлық есеп және басқару;
- «E-Salyq» АЖ – салық есептілігі мен мемлекеттік органдармен өзара әрекет;
- «Әлеуметтік қызметтер порталы» – оңалту құралдарын сатып алу;
- «1С Бухгалтерия» – бухгалтерлік есеп пен есептілік жүйесі;
- «Электрондық мемлекеттік сатып алу» – мемлекеттік сатып алулар порталы.

Сонымен қатар, бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту және техникалық қызмет көрсету тұрақты түрде жүргізіледі. Қызмет көрсететін ұйымдар:

- «ИНФОТЕХ СЕРВИС» ЖШС – «Параграф» жүйесін қолдау;
- «МЦФЭР-Казахстан» ЖШС – «ACTUALIS» жүйесін қолдау;
- «АзияSHYMCсервис» ЖШС – «Мекеме» бағдарламасын қолдау.

Қазіргі таңда арнайы әлеуметтік қызмет алушылар саны – 191 адам. 2024 жылғы 26 наурыздағы №36-П бұйрығына сәйкес қызмет алушылардың зейнетақы төлемдері мен жәрдемақыларын пайдалану жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Комиссия отырыстары айына кемінде бір рет, әлеуметтік жұмыс мамандары мен дәрігерлердің өтініштеріне сәйкес өткізіледі. Комиссия отырыстарында қызмет алушыларға дәрі-дәрмек, жұмсақ мүлік және санитарлық-гигиеналық құралдар сатып алу мәселелері қаралады.

2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша комиссия 4 отырыс өткізіп, хаттама мен шешімдер ресімделген.

Осы жылы паллиативтік бөлімшенің бес қызмет алушысы бойынша олардың әрекетке қабілетсіздігін тану туралы талап арыздар Орталық тарапынан берілді. Себебі – толық сал болып қалған және оларды тек медициналық және әлеуметтік қызметкерлер күтуде. Аталған тұлғалар цифрлық қолтаңба, мобильдік қосымшалар арқылы қызметтер ала алмайды. Электрондық порталдар арқылы іс жүргізу үшін нотариалды куәландырылған сенімхат қажет, ал олар әрекет қабілеттілігін растай алмайды. Үш қызмет алушы сот шешімімен әрекетке қабілетсіз деп танылды. Сот шешімдері заңды күшіне еніп, қорғаншы тағайындау үшін қамқоршылық және қорғаншылық бөліміне жолданды. Қалған екі іс Медеу аудандық сотында қаралуда.

Сондай-ақ, қызмет алушылар Қасымова Д. және Савина И.-нің өтініштері негізінде олардың денсаулық жағдайының жақсаруына байланысты әрекетке қабілетті деп тану жөніндегі талап арыздар берілді. Қасымова Д. әрекетке қабілетті деп танылды, шешім заңды күшіне енген. Савина И. бойынша іс сот қарауында.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін талдау

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 14-тарауына сәйкес реттеледі. Бұл талап қылмыстық-процестік, азаматтық-процестік заңнамалармен және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қаралатын өтініштерге қолданылмайды.

Жыл басынан бері 15 өтініш тіркелді, оның ішінде:

- Заңды тұлғалардан – 9;
- Жеке тұлғалардан – 6.

Өтініштер электронды пошта (ardager2@mail.ru) немесе қағаз түрде келіп түседі.

Өтініштерді уақытында қарау бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ. Барлық өтініштерге жазбаша жауаптар берілді.

Орталықта электрондық құжат айналымы жүйесі жоқ.

Орталық өз миссиясын – халыққа кешенді әлеуметтік қолдау көрсету – тұрақты және жүйелі түрде іске асыруда. Қызмет барысында заңдылық, ашықтық және тиімділік қағидаттары сақталады. Қаржы басқару тиімділігіне, цифрлық шешімдерді енгізуге, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызмет алушылардың құқықтарын қорғауға ерекше назар аударылады.

Жүргізілген талдау нәтижесінде жұмыс тобы келесі тұжырымға келді: Мекемеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі төмен деп бағаланады.

Жұмыс тобының төрайымы:



Н. Өміржанова

Жұмыс тобының мүшелері:

Қазыханов М.С.



Халықова Р.Ш.



Абдильдина С.Б.



Бегімов Б.Б.

